

**Ж.Е. Титановтың 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі» тақырыбындағы диссертациясына  
ПІКІР**

Қазіргі таңда асыл тұқымды мал ұстайтын елдер арасында экспорт пен импорттың қарқынды жүруі байқалады. Соның бірі ірі қара мал бойынша импорттер ел болып саналатын Қазақстан Республикасына да импортталып жатқан асыл тұқымды малдар саны артуда. Оның барлығы халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы саласында ел экономикасын көтеру бағытында жасалып жатқан жұмыстардың бірі. Қазақ халқының негізгі витамин көзі, әрі дастархандағы басты асына айналған ет екені белгілі. Осы себепті қазіргі таңда сапалы ет өнімін беретін етті ірі қара мал басы импортталып арту үстінде. Алайда осы әкелініп жатқан асыл тұқымды етті ірі қара малдардың Қазақстан елінің климаттық жағдайы мен азық базасына бейімділігі қаншалықты екені енді зерттелу үстінде. Осы тұрғыда ізденуші Ж.Е.Титановтың диссертациялық тақырыбы кейінгі уақытта әлемдік нарықта мәрмәр етімен белгілі болған етті бағыттағы абердин-ангусс тұқымының канадалық және еуропалық селекциядан алынған 2-3 буын ұрпақтарының Қазақстанның солтүстік өңіріне бейімділігін салыстырмалы түрде зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер Солтүстік Қазақстан облысы, Уалихан ауданы «Жолдасбай-Агро» ЖШС-де ҚР АШМ 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарлама жобасының аясында, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" бағдарламасы шеңберінде "Қазақстанның солтүстік өңірі жағдайында импортталған етті малдың үшінші генерациясының бейімделуі және өнімділік сапасы" тақырыбы бойынша жүргізілді (мем.тіркеу №0118РК00736).

Ізденуші бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүргізілген ғылыми-шаруашылық зерттеулерінде абердин-ангусс тұқымының канадалық және еуропалық селекция екінші-үшінші буын ұрпақтарының өнімділік көрсеткіштері (Абсолюттік өсімі, салыстырмалы өсімі, ет өнімділігі) және физиологиялық қасиеттері (суыққа және ыстыққа төзімділігі, қанның гематологиялық көрсеткіштері, түк жамылғысы көрсеткіштері, этологиялық көрсеткіштері) анықталды.

Зерттеулер нәтижесінде өсіп-жетілу көрсеткіштері бойынша канадалық селекция төлдері еуропалық селекция жастастарынан басым болды, тек 3 айлығында ғана еуропалық селекция төлдері тірі салмақ бойынша басымдылық көрсетті. Қанның тыныс алу функциясының қарқындылығы көбінесе эритроциттердегі гемоглобин деңгейімен анықталады. Бұл зерттеулерде бұқашықтар мен қашарлардың қанындағы ұлпалар мен органдарға осы негізгі жеткізушінің деңгейі қалыпты болғаны анықталды.

Қан сарысуының лизоцимдік, фагоцитарлық және бактерицидтік белсенділігінің көрсеткіштері физиологиялық норма шегінде екенін көрсетті. Қашарлардың да, бұқашықтардың да осы белсенділік көрсеткіштері канадалық селекция малдарында басымдылық танытты.

Физиологиялық көрсеткіштерін зерттеу барысында еуропалық селекцияның 87,7% бұзаулары физиологиялық жетілген, ал антенатальды гипотрофиясы жағдайында 12,3% - ға дейін еуропалық селекция бұзаулары дүниеге келгені анықталды. Физиологиялық жетілген бұзаулардың тірі салмағы зерттелген бұзаулар санының 79,2%-ында  $23,6 \pm 1,62$  кг, яғни абердин-ангус тұқымының жаңа туған бұзаулары денесінің орташа массасына сәйкес келді. Олардың дене температурасы зерттелген бұзаулар санының 85,4%-ы ( $39,2 \pm 1,35^\circ\text{C}$ ) шамасында болды, 83,4%-да катаболизм коэффициенті – 1,01 болды. Клиникалық белгілердің жиынтығы бойынша еуропалық селекциялық абердин-ангус тұқымының жаңа туған бұзауларында антенаталдық гипотрофияның даму жиілігі 12,3%-ды, канадалықтардікі – 8,7% -ды құрады.

Ізденуші Ж.Титанов диссертация тақырыбы бойынша отандық және шетел ғалымдарымен жүргізілген зерттеу әдістерін толық меңгерді. Зерттеу тәжірибелерінң мәліметтерін өңдеп, ғылыми тұрғыдан интерпретациялап, қорытындылап, докторлық диссертация жұмысын рәсімдеді. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі логикасы, өзіндік жүйесі, сабақтастықпен өзара бірлестігі толық сақталған. Ол ғылыми-теориялық тұрғыдан бекітілуімен, деректі және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, оны ғылыми жалпы зоотехникалық, генетикалық, физиологиялық және биохимиялық әдістер аясында, зерттеу тәжірибелерінің нәтижелерін талдап қорытумен сипаттап келтірген. Сондықтан жұмыстың қорытындылары зерттеу мәліметтерінен туындап, олардың маңызын сақтап, көрсетеді.

Диссертация деректері мен қорытындыларын жеткілікті көлемде отандық және шет елдік ғылыми басылымдарда жариялап, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндап, апробацияланды. Ізденуші Ж.Титанов аталған диссертацияны орындау барысында диссертантталынған теориялық білімдерін практикалық мәселелерді шешу үшін қолдана отырып, қазіргі ғылыми жұмыстарды сын тұрғысынан талдау, жинақтау және өз бетімен бағалай алатынын көрсетті.

Жоғарыда келтірілген жағдайларды ұстана отырып, ізденуші Ж.Титановтың «Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус ірі қара мал тұқымы үшінші генерациясының бейімділік қасиеті және өнімділігі» тақырыбындағы диссертация 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін диссертация талабына сай жазылған, ал оның авторы философия (PhD) докторы дәрежесіне лайық деп санап, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:  
а.ш.ғ.к., доцент



Н.Ж. Қажғалиев